

**"Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 392
бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 8 тамыздағы № 800 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 тамызда № 29055 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 392 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16689 болып тіркелген) мынадай өзгерістер және толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі уәкілетті органның ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларында:

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Ішкі мемлекеттік аудит, Заңның 18-бабына сәйкес қалыптастырылған тиісті жылға арналған ведомствоның мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі (бұдан әрі – мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі) негізінде жүргізіледі.

Ведомство және оның аумақтық бөлімшелері жоспардан тыс аудитті Заңның 18-бабының 5-тармағына сәйкес жүргізеді.

Аудиторлық есеп және қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеп бойынша жобаларына сапа бақылауын жүргізуді ескере отырып, жоспардан тыс аудит жүргізу мерзімі мемлекеттік электрондық аудитті қоспағанда, кемінде 10 (он) жұмыс күнін құрауы тиіс.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген "Камералдық бақылау жүргізу қағидаларына" (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде № 12599 болып тіркелді) сәйкес жіберілген камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны мемлекеттік аудит объектісі орындағаннан кейін он жұмыс күні өткен соң тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымдары бойынша ведомство және оның аумақтық бөлімшелері жоспардан тыс аудитті жүргізеді.

Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері жоспардан тыс аудит жүргізу кезінде ау диторлық іс-шараны жүргізуге арналған тапсырманы Уәкілетті органның ведомствосымен 1 (бір) жұмыс күнін ішінде келісу жүргізіледі.

8. Мемлекеттік аудит тобының құрамы аудиторлық іс-шараны жүргізуге қатысатын мемлекеттік аудит тобының жетекшісін, мемлекеттік аудиторларды, ішкі аудит қызметтін мемлекеттік аудиторларды және ведомствоның және оның аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік аудиторларының және ассистенттерін, сондай-ақ қажет болған кезде сарапшыны (сарапшыларды) қамтиды.

Мемлекеттік аудит тобының құрамына қылмыстық қудалауды жүргізетін органның лауазымды адамы, сондай-ақ аудиторлық іс-шараға бастама жасаған жеке және заңды тұлғалар енгізілмейді.";

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Аудиторлық іс-шара барысында аудит бағдарламасымен қамтылмаған, бірақ аудиторлық іс-шара нысанасын толық зерделеу үшін қажетті мәселелер туындаған кезде мемлекеттік аудитор мемлекеттік аудит тобының жетекшісімен келісу бойынша аудит бағдарламасына енгізілетін өзгерістер жобасының негіздемесі бар қызметтік жазбаны (бұдан әрі – қызметтік жазба) қалыптастырады және оны аудиторлық іс-шара жүргізуге жауапты тұлғаға жібереді.

Аудит бағдарламасында көзделмеген мәселелер бойынша аудиторлық іс-шараны жүргізудің орындылығы танылған кезінде, аудиторлық іс-шараны өткізуге жауапты тұлғаның өзгертулердің негіздемесі 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сәйкес қорытындысы болған жағдайда бекітіледі немесе мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сәйкессіздік туралы сапаны бақылау қорытындысы болған жағдайда қабылданбайды.";

51-тармақтың екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"аудит жоспары мен бағдарламасына – аудиторлық іс-шараны (қаржылық есеп аудитінен басқа) жүргізу барысында 2 (екі) реттен асырмай өзгерістер енгізу негіздемелерін көрсете отырып, аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғаның атына мемлекеттік аудит тобы басшысының қызметтік жазбахаты негізінде;"

106-тармақ алынып тасталсын;

107 және 108-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"107. Ішкі мемлекеттік аудиторлық есепке және қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке қол қойылғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде:

1) аудиторлық іс-шара үшін жауапты тұлға ішкі мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша аудиторлық қорытындыны осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырады;

2) ведомствоның немесе оның аумақтық бөлімшелерінің басшысы аудиторлық қорытындыны бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларын, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері оларды іске асыру үшін қабылдаған актілерін бұзушылықтар анықталған кезде мемлекеттік аудитор мемлекеттік аудит объектісінің орындауы үшін міндетті құжат болып табылатын анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы нұсқаманы осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырады;

4) ведомствоның немесе оның аумақтық бөлімшелерінің басшысы нұсқамаға қол қояды.

Аудиторлық қорытындыға және нұсқамаға мемлекеттік аудит объектісінің қаралмаған және сапасын бақылаумен расталмаған қарсылықтары бар бұзушылық фактілерін енгізуге жол берілмейді.

Мемлекеттік аудиторлардың және басқа лауазымды тұлғалардың ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша жасаған құжаттарының сапасын бақылау осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.;

108-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

108. Аудиторлық қорытынды мен нұсқама мемлекеттік аудит объектісіне аудиторлық қорытынды бекітілгеннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде жіберіледі.;"

мынадай мазмұндағы 122-1-тармақпен толықтырылсын:

"122-1. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша уәкілетті орган қабылдайтын материалдарда мемлекеттік аудит объектілерінің лауазымды адамдарының әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болған кезде тиісті аудиторлық дәлелдері бар материалдарды қылмыстық қудалау органдарына беру уәкілетті органның нұсқамасы орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде прокуратура органдары арқылы жүзеге асырылады. Материалдарды беру аудит объектілері дауларды реттеудің апелляциялық және сот тәртібін сақтағаннан кейін, сондай-ақ құқықтары сот тәртібімен аудиторлық іс-шаралармен қозғалған тұлғалары бар аудит объектілері жүзеге асырады.;"

126-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"126. Мемлекеттік аудит объектісі нұсқаманы көрсетілген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде аудит тобының басшысы немесе мемлекеттік аудитор нұсқамада көрсетілген мерзім өткеннен кейін ӘҚБТК-нің 462-бабына сәйкес дереу шаралар қабылдайды.;"

129 және 130-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"129. Аудиторлық іс-шараның барлық кезеңдерінде сапаны бақылауды ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге қатыспаған ведомствоның құрылымдық (аумақтық) бөлімшелерінің мемлекеттік аудиторлары жүзеге асырады.

Дайындық кезеңінің сапасын бақылауды өткізу үшін арналған аудит материалдарының жобалары бекітілгенге дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын ұсынылады.

Мемлекеттік аудит объектісінің басшысына немесе оны алмастыратын адамға танысу үшін аудит материалдарының жобаларын негізгі кезеңнің сапасын бақылауды өткізу үшін тапсыру мерзімі мыналарды құрайды:

- 1) аудит объектісіне аудиторлық есеп бергенге дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын;
- 2) аудит объектісіне қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есеп бергенге дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын жүргізіледі.

Қорытынды кезеңнің сапасын бақылауды өткізу үшін арналған аудит материалдарының жобалары бекітілгенге дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын ұсынылады.

Аудиторлық іс-шараның дайындық кезеңінде сапаны бақылау Аудит жоспарының, Аудит бағдарламасының, Аудиторлық тапсырманың, Нұсқаудың жобалары бойынша жүргізілген алдын ала зерделеудің сапасы нысанасына 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Дайындық кезеңі бойынша сапаны бақылауды жүргізу өлшемшарттары:

аудиттің мақсатын, нысанасын және ауқымын анықтаудың дұрыстығы;

Аудит бағдарламасының жобасында мемлекеттік аудит көрсеткіштерінің болуы және аудиторлық іс-шараның мақсаттарына, қамту ауқымына (аудит кезеңіне), аудит үшін қажетті ресурстарға (адами ресурстарға) қол жеткізу үшін аудитке жататын мәселелер тізбесін (мәселелерді нақтылау) айқындаудың дұрыстығы;

жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін объективті және жан-жақты қарауды қамтамасыз ету мақсатында аудитке жататын мәселелер тізбесін, қамту ауқымын (аудит кезеңі) айқындаудың дұрыстығы;

аудиторлық тапсырманың болуы;

қарсы тексеру жүргізу қажеттілігі;

мемлекеттік аудит жүргізуге тартылатын сарапшыларды айқындау қажеттілігі және оларға нұсқау беру үшін жоспарланатын мемлекеттік аудиттің нақты мәселелері.

Аудиторлық іс-шараның негізгі кезеңінде сапаны бақылау аудиторлық есептің және оларға қоса берілген Тізілімнің жобалары бойынша оларды аудит объектісіне жібергенге дейін бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Негізгі кезең бойынша сапаны бақылауды жүргізу өлшемшарттары:

аудиторлық есеп жобасының немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есептің, сондай-ақ қарсы тексеру актісінің осы Қағидаларда белгіленген құрылымдар мен нысандарға сәйкестігі;

аудит бағдарламасы мәселелерінің дәйектілігі мен тізбесіне қатаң сәйкестікті, онда жазылған мәліметтердің анықтығын, объективтілігін қамтамасыз ету, сондай-ақ аудит бағдарламасының әрбір сұрағына жауаптардың болуы;

аудит бағдарламасында көзделмеген мәселелер бойынша аудитті жүзеге асыру;

аудит жүргізу барысында Аудит жоспары мен бағдарламасына өзгерістер енгізудің негізділігі;

көрсетілген бұзушылық фактілерінің объективтілігі және анықталған бұзушылықтарды көрсету және олардың біліктілігі кезінде заңнаманы қолданудың дұрыстығы;

белгіленген бұзушылықтар бойынша қажетті дәлелдеу базасының болуы;

жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін объективті және жан-жақты қарауды қамтамасыз ету;

бақылау өлшемі (қарап тексеру) актілерінің болуы, қажет болған жағдайда оларды жасау, аудиторлық іс-шараның мақсатына қол жеткізуді бағалау.

Аудиторлық іс-шараның қорытынды кезеңінде сапаны бақылау аудиторлық қорытындының, нұсқаманың жобасына, аудит объектісіне аудиторлық есептің уақтылы ұсынылуына оларға қол қойылғанға және бекітілгенге дейін үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Қорытынды кезең бойынша сапаны бақылауды жүргізу өлшемшарттары:

осы Қағидаларға сәйкес аудиторлық қорытындының, нұсқаманың жобасын (оның ішінде апелляциялық комиссияның шешімімен) жасаудың толықтығы мен дұрыстығы;

мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігін арттыру және жетілдіру үшін ішкі мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша ұсынымдардың аудиторлық қорытындысының жобасында болуы және негізділігі.

Барлық кезеңдерде бірінші деңгейдегі сапаны бақылау мемлекеттік аудит объектісінің басшысы бекіткен және қол қойған аудит материалдарын беру/ұсыну кезінде жүзеге асырылмайды.

Сапаны бақылау нәтижелері осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сапаны бақылау қорытындысымен ресімделеді.

130. Ведомствоның құрылымдық (аумақтық) бөлімшелері ведомствоның құрылымдық (аумақтық) бөлімшелерінің мемлекеттік аудиторлары жүзеге асыратын аудиторлық іс-шараның барлық кезеңдері бойынша бірінші деңгейдегі сапаны бақылауды жүзеге асырады.

Бір аудиторлық іс-шараның бірінші деңгейінің сапасын бақылаудың жалпы ұзақтығы аудиторлық іс-шараның барлық кезеңдері бойынша 10 (он) жұмыс күнінен аспайды, оның ішінде:

дайындық кезеңінде аудиторлық іс-шара сапаны бақылауға материалдар ұсынылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады;

Аудиторлық іс-шараның негізгі кезеңінде сапаны бақылау былайша жүзеге асырылады:

1) аудит объектісіне танысуға ұсынылғанға дейін оған қоса берілген аудиторлық есептің және тізілімнің жобасы бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

2) 10 (он) жұмыс күні ішінде қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есептің және оларға қоса берілген Тізілімнің жобалары бойынша оларды аудит объектісіне таныстыруға ұсынғанға дейін.

қорытынды кезеңде сапаны бақылауға материалдар ұсынылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік аудит объектісінің аудиторлық есебіне қол қоймауы сапа бақылауын жүргізу үшін кедергі болып табылмайды.

Бірінші деңгейдегі сапаны бақылау қорытындысын сапаны бақылауды жүргізген қызметкер жасайды және оған қол қояды және оны ведомствоның құрылымдық (аумақтық) бөлімшесінің басшысы бекітеді.

Мемлекеттік аудит объектісінің басшысы немесе оны алмастыратын адам аудиторлық есепке немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке қарсылық жіберген кезде сапаны бақылау қарсылықты қарау нәтижелері бойынша шешім шығарылғаннан кейін Заңның 11-1-тарауында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.";

131-тармақтың төртінші бөлімінің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) мемлекеттік аудит объектісінің шағымын толық немесе ішінара қанағаттандырған кезде ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның жанындағы Дауларды апелляциялық реттеу жөніндегі комиссияның ұсынымы.";

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес көрсетілген қағидаларына 7-қосымша жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ішкі аудит қызметтерінің ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларында:

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Аудиторлық іс-шара барысында аудит бағдарламасымен қамтылмаған, бірақ аудиторлық іс-шара нысанасын толық зерделеу үшін қажетті мәселелер туындаған кезде мемлекеттік аудитор мемлекеттік аудит тобының жетекшісімен келісу бойынша аудит бағдарламасына енгізілетін өзгерістер жобасының негіздемесі бар қызметтік жазбаны (бұдан әрі – қызметтік жазба) қалыптастырады және оны аудиторлық іс-шара жүргізуге жауапты тұлғаға жібереді.

Аудит бағдарламасында көзделмеген мәселелер бойынша аудиторлық іс-шараны жүргізудің орындылығы танылған кезінде, 1 (бір) жұмыс күн ішінде аудиторлық іс-шараны өткізуге жауапты тұлғамен өзгертулердің негіздемесі бекітіледі.

Қосымша мәселелер бойынша материалдарды мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды (материалдарды) ұсынуы бойынша қосымша жіберілген талаптар негізінде мемлекеттік аудит объектісі ұсынады.";

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында аудит жоспарына, аудит бағдарламасы мен аудиторлық тапсырмаға өзгерістер енгізу:

аудит жоспары мен бағдарламасына -жүргізілетін аудиторлық іс-шара барысында 2 (екі) реттен асырмай өзгерістер енгізу негіздемелерін көрсете отырып, аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты адамның атына мемлекеттік аудит тобы басшысының қызметтік жазбасының негізінде;

аудиторлық тапсырмаға – аудит жоспары мен аудит бағдарламасына өзгерістер енгізілген кезде мемлекеттік аудит тобы басшысының атына мемлекеттік аудитордың қызметтік жазбахаты негізінде жүзеге асырылады.";

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес көрсетілген қағидаларына 1-қосымша жаңа редакцияда жазылсын

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп, аудит және бағалау әдіснамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қаржы министрі*

Е. Жамаубаев

"КЕЛІСІЛДІ"
Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау жөніндегі
есеп комитеті

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қаржы министрінің
2022 жылғы 8 тамыздағы
№ 800 Бұйрығына
1-қосымша
Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жөніндегі
уәкілетті органның ішкі
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
7-қосымша

Нысан

№ _____ Аудиторлық есеп

1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: _____
(мемлекеттік аудит объектісінің толық атауы, мемлекеттік тіркеу туралы деректер,
банктік

және салық деректемелері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

2. Ішкі мемлекеттік аудит түрі:

(бірлескен, қосарлас)

4. Аудиторлық іс-шара жүргізуге нұсқау:

(нұсқаудың күні мен нөмірі, ішкі мемлекеттік аудит жүргізуге нұсқауға қол қойған
лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы)

5. Ішкі мемлекеттік аудит жүргізілді:

(ішкі мемлекеттік аудитті жүргізген ішкі мемлекеттік аудит органы қызметкерінің
(қызметкерлерінің), мемлекеттік аудитті жүргізуге тартылған мемлекеттік органдар
маманының (мамандарының), мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдар қызметкерлері
мен

сарапшылардың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы)

6. Ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты, нысанасы:

(аудит бағдарламасына сәйкес келетін ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты мен
нысанасы)

7. Ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:

(мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тексерілген кезеңі)

8. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізу мерзімі: _____ бастап _____ дейін (

мемлекеттік
аудит объектісінде ішкі мемлекеттік аудитті жүргізудің басталған және аяқталған күні)

9. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:

(мемлекеттік аудит объектісі басшысының немесе мемлекеттік аудит объектісінің
лауазымды

адамдарының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), сондай-ақ ішкі мемлекеттік
аудитпен

қамтылған кезеңде жұмыс істеген және құжаттарға қол қою құқығы болған мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

10. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің (бақылаудың) және тексерулердің нәтижелері туралы

мәліметтер:

(ішкі мемлекеттік аудит органы жүргізетін мемлекеттік аудиттің нысанасына сәйкес келетін

басқа да мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары, құқық қорғау органдары

және басқа да бақылау және қадағалау органдары бұрын қамтыған мәселелер бойынша ғана

қысқаша мәліметтер, мемлекеттік аудит объектісі қабылдаған анықталған бұзушылықтарды

жою жөніндегі шаралар)

11. Жүргізілген ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер (осы бөлімде мемлекеттік аудиттің мақсатына қол жеткізілгендігін растау үшін жеткілікті жүргізілген ішкі

мемлекеттік аудит нәтижелері туралы мәліметтер көрсетіледі):

1. Аудит бағдарламасы сұрағының нөмірі мен атауы:

аудит бағдарламасы сұрағына жауап

2. Аудит бағдарламасы сұрағының нөмірі мен атауы:

аудит бағдарламасы сұрағына жауап

және аудит бағдарламасында көзделген сұрақтардың кезектілігіне сәйкес және тағы басқалары.

12. Аудит мемлекеттік аудит саласында немесе аудит объектісінің қызметінде анықталған

нәтижелердің мемлекеттік аудит көрсеткіштеріне сәйкестігі тұрғысынан бағалау жүргізуді

қамтиды.

13. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізудегі кедергілер:

(мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының ішкі мемлекеттік аудит органы

қызметкерлерінің ішкі мемлекеттік аудит жүргізуіне кедергі келтіру фактілері туралы мәліметтер көрсетіледі (кедергі жасау нысаны көрсетілсін: қажетті құжаттарды,

материалдарды және өзге де мәліметтерді және мемлекеттік аудит объектісінің қызметі

туралы ақпаратты беруден бас тарту, мемлекеттік аудит жүргізуге рұқсат беруден бас тарту

немесе оны жүзеге асыруға өзге де кедергі жасау, анық емес ақпарат беру. Ішкі мемлекеттік

аудит органының қызметкері ішкі мемлекеттік аудит жүргізуге кедергі келтіруден көрінген

әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жасаған кезде аудиторлық есепте оның нөмірі мен күні көрсетіледі)

14. Ішкі мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

(ішкі мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша мемлекеттік аудит объектісі қабылдаған шаралар туралы мәліметтер

(айыппұлдарды, өсімпұлдарды қосымша есептеу, бюджетке негізсіз пайдаланылған қаражатты өтеу, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік бойынша қаражатты қалпына

келтіру, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді берушілердің шарттық

міндеттемелерді орындауы, мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарына қабылданған тәртіптік жазалау шаралары және басқалар) көрсетіледі.

15. Аудитордың жауапкершілігі

Біздің жауапкершілік ... тұжырымдалады.

Аудиторлық есеп екі (үш) данада жасалды (қажетінің астын сызыңыз).

Қосымша: _____ парақта: (мемлекеттік аудит объектісінде тікелей жиналған, сондай-ақ

Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып, басқа да дұрыс көздерден алынған

құжаттарды тізбектеңіз)

Мемлекеттік аудит тобы/мемлекеттік аудитор:

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мемлекеттік аудит объектісінің басшысы:

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Аудиторлық есепті танысуға алған күні:

20__ жылғы "____" _____

(Мемлекеттік аудит объектісі басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Қарсылықтардың бар екені туралы белгі:

Аудиторлық іс-шара нәтижелерімен келіспеген кезде аудиторлық есептің соңғы парағындағы

мемлекеттік аудит объектісінің басшысы қарсылықтардың бар екені туралы жазба жасайды.

Нысанды толтыру бойынша түсіндірме:

Қажет болған кезде аудиторлық есепте тексерілетін мәселелер бойынша ақпарат жалпылама

түрде көрсетіледі, егжей-тегжейлі ақпарат аудиторлық есепке қосымшаларда жазылады

Жүргізілетін ішкі мемлекеттік аудиттің түріне, мақсатына және нысанасына байланысты

ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын қызметкерлер аудиторлық есепке қосымшалар

ретінде ресімделетін талдамалы кестелерді жасайды. Аудиторлық есепте көрсетілген қосымшаларға сілтеме жасау міндетті.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қаржы министрінің
2022 жылғы 8 тамыздағы
№ 800 бұйрығына
2-қосымша
Ішкі аудит қызметтерінің ішкі
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Мемлекеттік аудит объектісінің қызметін алдын ала зерделеу барысында ішкі аудит қызметтері зерделейтін мәселелердің болжамды тізбесі

Мәселелер	Ақпарат көздері
1	2
1. Сәйкестік аудиті (жалпы мәселелер)	
Мемлекеттік аудит объектісінің қызметі	Нормативтік құқықтық актілер, ақпараттық-құқықтық жүйелер
	Аудит объектісінің құрылтай құжаттары (Ереже, Жарғы және аудит объектісінің қызметін реттейтін өзге де құжаттар)
	Аумақтық бөлімшелер мен ведомстволық тәуелді ұйымдарды қоса алғанда, мемлекеттік аудит объектісінің құрылымы

	Құқық белгілейтін және өзге де бастапқы құжаттарды құқық қорғау органдарының алып қоюын растайтын құжаттар
Алдыңғы мемлекеттік аудит (бақылау) және тексеріс нәтижелері	Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, құқық қорғау органдарының және басқа да бақылау және қадағалау органдарының актілері, мемлекеттік аудит объектісін тексеру қорытындылары бойынша қабылдаған шаралар
Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджетті уақтылы және сапалы атқаруы	Бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшілері бойынша тиісті есеп жылына арналған мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есеп (бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық және жергілікті атқарушы органдар ұсынатын ақпарат, төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспары)
Мемлекеттік сатып алуды жүргізу тәсілдері, тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер номенклатурасы, бюджеттен бөлінген қаражат шегінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізу мерзімдері	Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары, нақтыланған мемлекеттік сатып алу жоспары (ақпараттық жүйелер)
Мемлекеттік аудит объектісі туралы жинақталған ақпарат	Тексерілетін мемлекеттік аудит объектісінің ақпараттық базасы, ресми статистикалық деректер, бұқаралық ақпарат құралдары мен басқа да көздердің деректері
	Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік аудит объектілерінің лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) қатысты (болған кезде) өтініштері (шағымдары)
2. Тиімділік аудиті (жалпы мәселелер)	
Мемлекеттік аудит объектісінің қызметі	Нормативтік құқықтық актілер (ақпараттық-құқықтық жүйелер)
	Аудит объектісінің құрылтай құжаттары (Ереже, Жарғы және аудит объектісінің қызметін реттейтін өзге де құжаттар) (ақпараттық-құқықтық жүйе)
	Құқық белгілейтін және өзге де бастапқы құжаттарды құқық қорғау органдарының алып қоюын растайтын құжаттар
Алдыңғы мемлекеттік аудит (бақылау) және тексеріс нәтижелері	Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, құқық қорғау органдарының және басқа да бақылау және қадағалау органдарының актілері, мемлекеттік аудит объектісін тексеру қорытындылары бойынша қабылдаған шаралар
Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің нәтижелері мен проблемалары	Мемлекеттік аудит объектісі дайындаған ішкі есептілік, талдамалы жазбалар мен шолулар
	Ақпараттың ішкі көздері (ресми статистикалық деректер, бағдарлама нысанасына, бұқаралық ақпарат құралдарына байланысты проблемалармен айналысатын ғылыми-зерттеу институттарының

	материалдары). Мемлекеттік аудиттің тексерілетін объектісінің ақпараттық дерекқоры
Облыстарды, республикалық маңызы бар қалаларды, астананы дамыту жоспарларын қаржылық қамтамасыз ету	Облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы дамыту жоспары
Негізгі іс-қимылдарды жүзеге асыру және бағдарламаны іске асыру шарттарын орындау/орындамау	Облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы дамыту жоспарын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің тиісті жылдары іске асыруы туралы есеп
	Облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы дамыту жоспарларын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын орындау туралы есеп
	Қаржыландыру жоспарын орындау туралы есеп және бағалау нысанасына сәйкес басқа да қаржы құжаттары
Бюджеттік инвестициялық жобалар	Қаражаты есебінен бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру жүргізілетін бюджеттік бағдарламалар
	Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруы туралы есеп
Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру	Мемлекеттік аудит объектісінің жылдық мемлекеттік сатып алу жоспары
Басым бюджеттік инвестициялар тізбесі	Жобаны іске асыру кезеңін, мердігер ұйымдарды, сметалық және шарттық құнын, құрылыс объектілерін енгізуді, ақпараттық жүйені тәжірибелі және өнеркәсіптік пайдалануға енгізуді көрсете отырып, бюджеттік инвестициялар бойынша ақпарат
	Инвестициялық жобаларды қоса алғанда басым бюджеттік инвестициялар тізбесі

Ескертпе:

Осы тізбе толық болып табылмайды. Ішкі мемлекеттік аудит жүргізу барысында қосымша құжаттар немесе ақпарат сұратылуы мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ